



ӨЗЕКТІ

## Кәдеге жараған 3,8 триллион

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының дерегі бойынша қазақстандықтар 3,8 триллион теңге көлеміндегі жинақтарын өз мақсатына пайдаланған. Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге, емделуге алуына немесе басқарушы компанияларға аударуына болады. Шекті мөлшерден асқан сомасын алуға барлығы 1,9 млн. өтініш түскен. Соның басым бөлігі азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатына жұмсалғанын айтады ресми дереккөздері.

Қазіргі кезде зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға берілген өтініштерді қабылдайтын уәкілетті оператор-банктердің қатарында «Отбасы банк» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және

масы 419,3 млрд. теңге болатын жинақты қазақстандықтар емделуге жұмсапты. Алынған соманың орташа мөлшері 0,88 млн. теңге.

Өтініштердің 96,5%-ы стоматологиялық, 2,5%-ы офтальмологиялық қызметтерді алу бойынша. Қалған медициналық бағыттағы зейнетақы жинақтарының шамамен 1%-ы пайдаланылды. Бұл жерде де уақытылы пайдаланылмаған 37,5 млрд. теңге кері қайтарылды.

Инвестициялық портфельді басқарушыларға 27,8 млрд. теңге аударылғанын да атап өткен орынды. Бұл – жыл басындағы дерек. Бұл мақсатта түскен 14 928 өтініштің 20 110-ы орындалды. Аталған соманың 47,8%-ы немесе 13,3 млрд. теңгесі «Halyk Finance» АҚ-ға, 24,2%-ы немесе 6,7 млрд. теңгесі «Jusan Invest» АҚ-ға, 12,8%-ы немесе 3,5 млрд. теңгесі «Halyk Global Markets» АҚ-ға, 11,1%-ы немесе 3,1 млрд. теңгесі «BCC Invest» АҚ-ға, 4,2%-ы немесе 1,2 млрд. теңгесі «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ға аударылған.

Бытырғы 1 шілдеден бастап, салымшылар өздерінің міндетті жарна түрлері есебінен қалыптастырған жинақтарының 50%-ға дейін жеткіліктілік шегін есепке алмай-ақ, инвестициялық портфельді басқарушыларына бере алады. Сенімгерлік басқаруға берген жинағын салымшы басқа инвестициялық портфельді басқарушыға ауыстырғысы келсе, БЖЗҚ-ға өтініш жазады. Ауыстыру мүмкіндігі жылына бір рет беріледі.

Зейнетақы жинақтары «Ұлттық банктің» басқаруында болған кезеңде салымшы зейнет жасына жеткенге дейін инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беріледі. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруына аудару кезінде мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Ол зейнетақы активтерін басқару нарығындағы барлық инвестициялық портфельді басқарушыларға берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

сомасы шамамен 2,3 млн. теңге.

Талдау жұмыстары көрсеткендей, барлық өтініштің шамамен 34,4%-ы – азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу мақсатында. Өтініштердің 21,5%-ы – тұрғын үй құрылыс жинағын толықтыруға, 16%-ы – ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара өтеуге және 15,5%-ы – тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарызды ішінара өтеу мақсаттарына жұмсалған.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ бар.

Бұл ретте салымшылардың белгіленбеген мерзім ішінде пайдаланылмаған 500,3 млрд. теңге көлеміндегі аударымдары салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына қайтарылғанын да айта кету керек. БЖЗҚ-дағы шекті мөлшер биыл өзгерген жоқ, бытырғы көрсеткіштермен қалды.

Жинақты емге алу – қолдануға рұқсат етілген екінші мақсат. Бұл мақсатты көздеген 477 866 өтініш түскен. Жалпы со-

БӨРЕКЕЛДІ!

## Білімпаздардың бірегей жеңісі

Ауыл мектептері оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар республикалық олимпиадасында қарағандылық оқушылар грант жеңіп алды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Зияткерлік додаға аймақ атынан 24 оқушы қатысып, олар қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, құқық негіздері және ағылшын тілі пәндерінен сайысқа түсті. Қазақстан тарихынан I орынды Шет ауданы Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы Ажар Боранбай жеңіп алды. Ажар сондай-ақ, Astana International University-дің оқу грантын ұтып алды.

Олимпиадада қазақ тілі мен әдебиеті бойынша II орынға ие болған Ж.Аймауытов атындағы мектептің 11-сынып оқушысы Фариза Аханқызына (Бұқар жырау ауданы) Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің гранты бұйырды.

Сондай-ақ, сайыста Нұра ауданының Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебінің 11-сынып оқушысы Шахназ Жарылғапова, Ақтоғай ауданы К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің 10-сынып оқушысы Тоғжан Ақмағанбет, Бұқар жырау ауданы С.Торайғыров атындағы тірек мектебінің 11-сынып оқушысы Айзере Әбуова, Осакаров ауданының Абай атындағы тірек мектебінің 10-сынып оқушысы Карина Романова жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы олимпиада жалпы ауыл мектептерінің 165 жоғары сынып оқушылары жүлдегер атанды. Олар 33 алтын, 49 күміс және 83 қола жүлдеге ие болды. Медаль, дипломмен қатар еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының 31 ректорлық гранты табысталды.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Зейнетақы қорындағы шекті соманы алуды қазақстандықтар 2021 жылдан бастады. Сол уақыттан бері биылғы жыл басына дейін салымшылардан түскен 1 453 904 өтініш тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздейді. Бұл мақсатта БЖЗҚ 3,3 трлн. теңгеден аса қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа

МӘСЕЛЕ

## Балқашта кітап дүкені жоқ

«Бүгін ешкім кітап оқымайды» деген жансақ пікір бар. Ақылына ақы сұрайтын ең құнды зат болып табылатын кітаптың пайдасын жұртшылық жақсы біледі. Кез келген жерде, кез келген уақытта қалаған кітапты оқуға немесе сатып алуға шағын шаһарда мүмкіндік жасалмаған. Себебі, бұрынғыдай көз алдында сөрелерде том-том болып тұратын әдеби туындылар ұсынатын кітап дүкені жоқ.



Нүрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алыс-алыс ауылдар туралы әңгіме қозғамай-ақ қояйық, өзіміз көріп жүрген қала орталығында әдеби кітап сататын бірде-бір кітап дүкені жоқ екендігіне не

айтасыз? Қазір бір кітап дүкенін ашып, ішін көркем әдебиет жауһарларымен толтырып қояйын деген жан болмай тұр. Көркем әдебиетпен ауызданбауынан жеткіншек ұрпақтың жан дүниесі де жұтаңданып, сүренсіздене түскенін бүгінде екінің бірі айтады.

БАЛҚАШ

80 мың халық бар Балқашта кітап дүкені жоқ дегенге біреулер сене қоймас. Бірақ, бұл – рас. Балқаштықтардың кітап дүкенісіз қалғанына бес жылдың жүзі болды.

– 1990 жылдардың ортасына дейін қаламызда үш кітап дүкені жұмыс істеді: Уәлихан көшесіндегі №4 үйде «Кругозор», З.Сәбитова атындағы шағынауданда «Балалар әлемі» дүкені орналасқан ғимаратта «Спутник» және Желтоқсан көшесінде «Наука» кітап дүкені. Бұлардың екеуі 2000 жылға дейін жабылып үлгерген-тін, ал, «Кругозор» дүкені бертінде дейін жұмыс істеп тұрды. Онымен қоса кейіннен Абай көшесіндегі №40 үйде «Атамұра» баспасының дүкені мен М.Қазбекова көшесіндегі №2 үйде «Деловая литература» дүкені кітап сататын еді. Кітап өнімдеріне сұраныстың азайып кетуінен бұл екеуі де жабылып тынды. Иә, Балқашта қазіргі күні арнайы кітап сататын дүкен жоқ. Тек Қараменде би көшесінің бойында оқушылардың мектепке қажетті құрал-жабдықтарымен қоса көркем әдебиеттер сататын шағын бөлім ғана бар, – дейді белгілі журналист Қуандық Сәденов.

Кітапханашылардың айтуынша, қазіргі таңда қазақ тіліндегі әдеби шығармалар, әлем классикасы, психология, мотивация, әлемдік заманауи мелодрамалар, фантастика, мистика жанрындағы, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттерге сұраныс көп. Ол сұраныстағы кітапты сатумен айналыспаған соң табу – өте қиын. Сонымен қатар, кітап сүйер жастарды қолдап, студенттерді кітап оқуға ынталандыру мақсатында жұмыстар жүргізілгенімен қаламызда кітап дүкенінің жоқтығы кедергі.

ДЕНСАУЛЫҚ

## Ең дұрысы – екпе

Қызылшаман ауырғандар қатары әлі де азаяр емес. Ауырып жатқандардың дені – мамандардың айтуынша екпе алмағандар. Қызылшаның таралуын оған қарсы екпемен ғана тоқтатуға болады. Себебі, қызылша – екпеге «көнетін» дерт. Елде, оның ішінде, аймақта қосымша иммундау жүріп жатыр.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл басынан бері өңірде қызылшаның зертханалық расталған 247 жағдайы тіркелді. Ауырғандардың 90%-ы – вакцинацияланбаған адамдар.

– Жас құрылымында расталған жағдайлардың арасында 14 жасқа дейінгі балалар басым, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова. – Олардың үлес салмағы – 63,5%. Мұның ішінде, 40%-ы – 5 жасқа дейінгі балалар. 29 қаңтардағы жағдай бойынша қосымша жаппай иммундау аясында 40 599 бала екпе алды. Екпе алғандардың ішінде егуден кейінгі қолайсыз жағдай тіркелген жоқ. Бұл аурудан қорғаудың жалғыз жолы – вакцинация. Қызылшаға қарсы вакцинация аурудың алдын алудың жалғыз дәлелденген және тиімді құралы, ол сенімді әрі ұзақ мерзімді иммунитетті қалыптастырады. Сондықтан, ата-аналар екпе алудан бас тартпаңыздар.

Расымен де, екпеден бас тартатын ата-аналар көп қатар. Одан бөлек, екпені алғысы келсе де, денсаулығына, жасына байланысты алмайтындары бар. Қауіп негізі соларға төнеді. Себебі, мамандар ескерткендей, екпе алғандар ауырмайды, ауырса да, асқынулар болмайды. Бастапқыда мән бермей, кейін екпе алғандардың бірі – Жазира Оспанова.

– Балам төртте, балабақшаға барады. №5 емханадан хабарласып, екпе алуға шақырса да, біртүрлі қорқақтап жүргенмін. Кейін жаңалықтардан қызылшаның



асқынуынан елде қайтыс болған балалар туралы естіп, ойым өзгерді. Емхана мамандары өздері үйге келіп егіп кетеді екен. Бұл, тіпті, ыңғайлы болды. Екпе алған күні ешқандай реакция болған жоқ, бала әдеттегідей жүрді. Тек үшінші күні дене қызуы ептеп көтерілді. Ол бір-екі күнде басылды. Кейін оқысам, дене қызуының көтерілуі иммунитеттің қалыптаса бастауынан екен. Басқа ата-аналарға екпе алуға қорықпасын деп кеңес беремін. Күн сайын алаңдап жүргеннен екпе алып, сенімді болған жақсы, – дейді ол.

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысымен бытырғы 6 қарашадан бастап, 6 айдан 11 айға дейінгі балаларға, сондай-ақ, желтоқсанның бесінен бастап, 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізілуде. Эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз уақытта тәуекелге бармаған абзал екенін айтады дәрігерлер. Қазіргі таңда ең дұрысы – екпе.







## • ТАНЫМ

## Қазақ күнтізбесі таныстырылды

Жыл күнтізбесі жаңарды. Қазақ club өкілдерінің мәлімдеуінше, биылғы күнтізбеде қазақ батырлары көрініс таппақ. Осыған орай, Н.Гоголь атындағы Қарағанды кітапханасында жыл сайынғы үрдіспен 2024 жылға арналған Ұлттық күнтізбенің жаңа түрі таныстырылды.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шарада жалпы ұлттық атаулы күндердің тарихы баяндалып, олардың мәні аталып өтілді. Жалпы, бүгінгі таңда күнтізбеде халықтың тарихы мен мәдениетіне байланысты 46 атаулы күн бар екен. Оның үстіне биыл оған жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіне арналған үш күн енгізілген. Олардың ішінде, «Сардар мен қолбасшы Ер Бөгенбай күні», «Сарбаздар күні» және «Сержанттар күні» бар. Бұл – биылдың атап айтар жаңалығы.

Негізінде, күнтізбенің айтулы күндерін көбінесе, қазақ әдебиеті, ұлт тарихы, салт-дәстүр, өнер, ұлттық тағамдар, тарихи қайраткерлер, ұлттық ойындар, туған жер, халық бірлігі, мемлекеттік тіл, отбасы институты, ұлттық киім, батырлар, жігіттер, аналар, ақсақалдар институттары құрайды. Ал, биыл оларға батырлар күні де қосылды. Бұл болашақ ұрпақты тарихты білуге жетелейді деген сенімдеміз, – дейді Qazaq club өкілдері.



Сонымен қатар, жаңа күнтізбеде қазақ халқының күні де бар. Дәстүрлі Аман мерекесі, қымызұрындық және басқа да дәстүрлі мерекелер қалыс қалған жоқ. Оған қоса, қазақтың алты салты көрініс тауыпты. Олардың қатарында, «Селт еткізер», «Кестелі орамал», «Шаңырақ көтеру», «Асар», «Бата беру», «Құрылтай» бар.

Күнтізбе қазір 2023-2024 оқу жылында Қарағанды облысы білім басқармасының бірыңғай тәрбие жоспарынан орын алған. Енді күнтізбемен жыл сайын облыстағы 417 мектептің 170 мыңнан астам оқушысы танысады. Оған қоса, күнтізбе 58 колледжде, клуб үлгісіндегі 246 ұйымда, өңірдің 257 кітапханасында бар.

Ұлттық күнтізбе туралы бастама маған ұнайды. Биылғы күнтізбеде қазақтың батыр, баһадүрлерін көре алатынымыз қуанышты. Өйткені, ақпарат дәуірінде ұлт батырлары көп насихаттала бермейді. Сонымен қатар, ұлттық тағамдар, ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындар туралы да мәлімет ала аламыз, – дейді қала тұрғыны Әділбек Қанатұлы.

Сурет ұйымдастырушылардікі

## • ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

## Жаңа кешен іске қосылды

Өткен аптада Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінде 320 орындық заманауи Денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріліп, іске қосылды. Оның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын арнайы келіп, 82 жастағы спорт ардагері Виктор Уркуновпен және дзюдодан халықаралық жарыстардың жүлдегері Ерғанат Молдағұловпен бірге жаңа нысанның лентасын қиды.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыруға айрықша назар аударылып, бұқаралық спортпен шұғылдануға ынталандыру үшін спорт нысандарының баршаға қолжетімді болуы маңызды. Бұған дейін ботақаралықтарға спортпен айналысатын жер жетіспей, осындағы 2 жалпы білім беретін және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінің залдары қашан барсаң, лық толы болатын. Енді осы жаңа кешеннің ашылуымен бұл ыңғайсыздықтар жойылып, 6300-ден аса тұрғыны

бар кенттің жас-көрісі сан алуан спорт түрімен кеңінен қамтылады деп күтілуде.

Республикалық, облыстық және жергілікті бюджеттердің қаржысына салынып, бой көтерген сәулетті ғимараттар күрес және бокс залдары, үстел теннисі, тағы да басқа кабинеттер бар. Жақын арада мұнда волейбол, баскетбол, шағын футбол, үстел теннисі, шахмат секциялары ашылып, ұлттық спорт түрлерін дамытуға қолға алынады. Болашақта ауданның барлық тұрғындарын қамту үшін аталған Денешынықтыру-сауықтыру кешенінің базасында спорт клубын ашу да жоспарда. Кешенге келушілерді әзірге 7 жаттықтырушы баптап, спортқа баулыса, келешекте штат саны мен секциялар да көбейтілмек көрінеді.

Салтанат соңынан облыс әкімінің орынбасары Ерлан Бейсембайұлы мен Бұқар жырау ауданының әкімі Абылай Сұлтанғалиев кешен ішін аралап көріп, жергілікті жас спортшылар жиналған жұрт алдында жаттығу тәсілдері мен шеберліктерін көрсетті.

## • Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардікі



## • ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫ – 2024

## Жұлдегерлерге құрмет

Оңтүстік Кореяның Канвон қаласында жасөспірімдердің IV Олимпиадалық ойындары өтіп жатыр. Дүниежүзілік дүбірлі доғаға елімізден спорттың әр түрінен 40 спортшы қатысуда. Соның ішінде, шайбалы хоккейден Қазақстан құрама командасының қатарында ойнаған Теміртайлық жеткіншектер Роман Мичуров пен Егор Кравченко Олимпиаданың қола жүлдегерлері атанып, олардың командасы жүлделі III орынға табын тіреген еді.

сына ауысқан болатын. Сонда Рүстем Қайдаров баптаған бозбалалар ерлеп, туған жерге Теміртай тарихында болмаған үлкен олжамен оралды. Әрине, әлемнің 50 елінен 1800 спортшы қатысқан аламанда алдан көрініп, қола медальға қол жеткізулері жас хоккейшілер үшін зор мәртебе, айтулы жетістік.

Соған байланысты 27 қаңтарда қаладағы «Тау» спорт клубында Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құрметтеу салтанаты өтіп, онда Теміртай қаласының әкімі Ораз



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Роман мен Егор хоккеймен жаттықтырушы Данил Лысыйдің жетекшілігімен 2014 жылдан бастап айналысып, ал, 2021 жылы Астана қаласының «Барыс» команда-

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық команда құрамында  
Оңтүстік Корея Республикасында  
Канвондодан  
Қола жүлдегерлері

Тәуірбеков құттықтау сөз сөйлеп, Роман мен Егордың әрқайсысына 1 миллион теңгеден ақша сертификатын табыс етті.

## • ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардікі

## • ПРЕМЬЕРА

## Болмыстың арғы жағы


Сәкен театры Әскерхан Ақтайдың «Ай қараңғысы» әлеуметтік драмасын қойды. Режиссері – Айдын Салбан.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ай қараңғысы» драмасы адамгершілік пен адалдық, ар, намыс, әділдік деген қасиеттер хақында ой қозғайды. Адам баласының мансап, атакқа деген құмарлығы және соған жету жолында нендей құрбандықтарға бара алатынын айтады. Байлыққа кенелу үшін ізгі қасиеттерді ұмытқан, келудесінде махаббат пен мейірімнің алауын өшірген кейіпкерлер арқылы санаға түсетін дерттің қандай болатынын көрсетеді.

– Спектакльдің атауын құрайтын «Қараңғы

ай» тіркесінің өзі айдың қараңғы жағы бар екенін көрсетеді, оның құпиясын галымдар әлі ашқан жоқ. Адамның да жанының қараңғы жағы бар. Қазіргі уақытта ең қараңғы жағмыз – сыбайлас-жемқорлық. Менің ойымша, сыбайлас жемқорлық тек пара беру, немесе, алу ғана емес. Сыбайлас жемқорлық – бұл сезімнің, рухтың күйреуі. Спектакль жастардың тағдыры, олардың үлкен құрылыс компаниясын қалай әшкерелейтіні туралы. Қойылмның бір ерекшелігі – оны негізінен осы маусымда бізге келген жас актерлер мен актрисалар ойнады. Екінші премьерға 3 ақпанда өтеді, – деді режиссер Айдын Абзалбекулы.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

## • ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

## Жанеркенің жарқын жеңісі

Қатар елінің Доха шаһарында өткен халықаралық WTA Youth Contender турнирінде жерлесіміз, үстел теннисінен спорт шебері Жанерке Көшкімбаева алтын медаль жеңіп алды.

Нақтырақ айтсақ, Жанерке Көшкімбаева 19 жасқа дейінгі санатта жеңіске жетті. Ол Марьям Аллалли (Бахрейн), Фаузия Мелки (Қатар), Мария Микалауските (Литва), Ур Фавад (Пәкістан), Амрута Пхадке (Бахрейн) сынды жоғары рейтингтегі теннис шеберлерін шаң қаттырған.

Бұған дейін Қазақстан чемпионатында Көшкімбаева командалық есепте алтын медаль иеленіп, қыздар арасындағы жұптық разрядтың да жеңімпазы атанған еді. Жаттықтырушысы – Татьяна Ким.



## • ХОККЕЙ

## «Сарыарқа» – үздік сегіздікте

Pro Hockey Legacy тұрақты чемпионатының плей-офф кезеңінде бақ сынайтын үздік сегіз команданың алтыншысы анықталды. Ол – кеншілер өлкесінің мақтанышы «Сарыарқа» хоккей клубы.

Естеріңізде болар, «Сарыарқа» өз алаңында буллиттер сериясында «Номад» клубына 4:5 есебімен есе жіберген еді. Алайда, «Құлагер» клубының Ташкенттегі жеңісі (0:3) қарағандылықтарға кубокты сарапқа салатын кезеңге жолдама ресімдеуге мүмкіндік берді.

Владимир Князевтің шәкірттері осыған дейін 47 кездесу өткізіп, 49 ұпай жинаған болатын. Чемпионат кестесінің төменгі жағында тұрған қарсыластарына жеткізбей, ақтық сынға өту үшін қолдағы бар 49 ұпай жеткілікті болды.



## • ФУТБОЛ

## Антон Арқаға қайтады

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы грузин футболшысы Антон Толордавамен келісімді ұзартатынын жөнінде ресми мәлімдеме жасады.

Яғни, клубтан кететіні айтылған грузин қорғаушысы Антон «Шахтер» сапында өнер көрсетуді жалғастырмақ.

Өткен маусымда Антон Қазақстан премьер-лигасында 23 матч өткізіп, екі гол соққан. 27 жастағы грузин қорғаушысы А.Толордава 2020-2021 жылдар маусымында «Левания» командасы құрамында Эстония Кубогының иегері болған. 2022 жылы Сербияның «Раднички» командасынан қарағандылық клубқа ауысқан.



Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»  
Суреттер ашық дереккөзден

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісұлы  
ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МЯГКИХ

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призверск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртай, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 12 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Алуаның СОВЕТ